

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің, Еңбекшілер депутаттарының облыстық советінің және ҚКП Петропавл қалалық комитетінің газеті

№ 166 (9228) | 1953 жылғы 19 август Сәрсенбі Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

Советтік Социалистік Республикалар Одағының Министрлер Советінің Председатели **Георгий Максимилианович МАЛЕНКОВ** жолдасқа

Зор құрметті Маленков жолдас!

Совет Үкметі Корей халқы шаруашылығын қалпына келтіру және өркендету үшін, корей халқына жәрдем ретінде бір миллиард сом беру жөнінде қарар шығарғаны туралы хабарды өстің, бүкіл корей халқы қатты риза болды.

Бүгін айленбесты, құрметті Председатель жолдас, маған Корей Халық-Демократиялық Республикасының Үкметі, бүкіл корей халқы атынан және өз атымын сізге, сіз арқылы Совет Одағының Үкметі мен бүкіл халқына шын жүректен алғыс айтуға рұқсат етіңіз.

Ұлы совет халқы корей халқы жапон империализмінің көп жылғы езушілігінен азат етті, мұның алғашқы күндерінен бастап біздің шын мәнісіндегі демократиялық, тәуелсіз мемлекет орнату жолындағы күресімізге мейлінше көмек көрсетіп келеді, сөйтіп, бізге Отанымыздың солтүстік бөлегінде қуатты демократиялық база жасауға мүмкіндік берді.

Корей халқының Азаттық Отан соғысы кезінде корей халқына көрсетілген қалтқысыз материалдық жәрдем және моральдық көмек біздерді түпкілікті жеңіске жетуге жігерлендірді.

Совет Үкметінің, қазіргі уақытта соғыс қырылған өзінің халық шаруашылығын неғұрлым тез қалпына келтіріп, өркендетудің аса маңызды міндеттерін жүзеге асыруға кіріскен корей халқына көмек ретінде бір миллиард сом беру туралы қарары біздерді шексіз рухландырып, өз Отанымыздың бірлігі мен тәуелсіздігі жолындағы күресте түпкілікті жеңіске жететіндігімізге сенімimizi күшейтті.

Бүкіл корей халқы бұл соманың бәрін халықтың тұрмысын тұрақтандыруға, есептесіп кезінгі халық шаруашылығын қалпына келтіруге және Отанымызды индустрияландыруға пайдалана отырып, Отанымыздың демократиялық базасын мейлінше нығайта беруіне берік бел байлаулы.

Құрметті Председатель, Сіздің сау-сәлемет болуыңызды шын жүректен тілеймін.

КХДР министрлер кабинетінің Председатели **КИМ ИР СЕН**, Пхеньян, 13 август 1953 жыл.

Астық тапсыру графигін орындау — бұлжымас заң

Партиямыз бен үкметіміз таяудағы екі-үш жыл ішінде біздің елімізде халық үшін азық-түліктің және жеңіл өнеркәсіп үшін шикізаттың мол қорын жасауды қамтамасыз етуді ең басты міндет етіп қойып отыр. Бүкіл еліміздегі сыяқты біздің облысымыздың еңбекшілері де ЦСРО Жоғарғы Советінің Бесінші сессиясының қарарымен, ЦСРО Министрлер Советінің Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

Көзің Булаев, Совет, Октябрь аудандарының көптеген колхоздарында жүздеген центнер жана астық бастырылған күйінде тазартылмай, қырманда жатыр. Бұл аудандар астық тапсырудың тағайындалған күндік, бескүндік графикаларын мүлде нашар орындауда. Мұның себебі неде? Оның негізгі себебі сол — жұмыстың шегуші үшастогі — қырманда еңбек атуының ұйымдаспандығы. Қырманда

Егін жыйнаудың озаттарына теңелейік

★ Біз егінді қалай жыйнап жүрміз ★

Михаил КИМ,
Петропавл МТС-нің қос орденді
комбайншысы

Біздің агрегаттың мүшелері өздерінің ішкі күш- мүмкіншіліктерін есептей келіп, быыл тіркеудегі «Сталинец — 6» қос комбайнмен бір маусымда 1500 гектар егін жыйнауға, 15000 центнер астық бастыруға міндеттенді. Бұл өте жауапты міндет. Біз егін жыйнауға 7 августтан бастап кірістік. Көзіңнің өзінде 450 гектар алаңның егінін жыйнадық. Егінің әрбір гектарынан орта есеппен 12 центнерден өнім алудамыз.

Агрегаттымыз трактордың үшінші жылдамдығымен жұмыс істейді. Өйткені, быыл агрегатты төртінші жылдамдықпен жүргізуге болмайды. Себебі егін сабағының тұрқы сондай биік. Мұның өзі машинаның атқаратын жұмысын ауырлатады. Алайда, біз агрегаттың тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етіп келеміз. Сөйтіп, бұл күндері тәулігіне 45-55 гектардан егін жыйнап жүрміз.

Агрегат мүшелері егін жыйнауға төзгірлері мол адамдармен толықтырылды. Менің көмекшілерім болып, А. Корчагин және В. Хан жолдестар істейді. Олар өздерінің ісіне сондай ұқыптылықпен қаран, механизмдердің қалтқысыз жұмыс істеуін үздіксіз бақылайды. Хедерлердің өнбойымен ораққа қосылуына үнемі назар аударады.

Қос комбайнды «С—80» тракторы сүйейді. Тракторшылар А. Регир және Д. Манигер жолдестар тракторлардың күні- түні бірдей жұмыс істеуіне жетісіп келеді. Колхоз басқармасы егінің сыбанын шөмеледеуге 4 адам бөлді. Жанар май мен су тасыйтын адамдар да жеткілікті. Бункерден астық тасуға 4 көлік бөлінді. Әрбір агрегат мүшесі өздерінің міндеттерін жақсы біледі және сол міндеттерін орындау үшін аянбай еңбек етеді.

Комбайндар мен трактор жарықпен қамтамасыз етіліп, күндіз- түні бірдей жұмыс істей берейін депті. Агрегат

Егін жыйнау — маусымды іс және бұл іс кешіктіруді көтермейді. Егінді мерзімінде жыйнап алсаң — ұтқаның, егін жыйнауда кешіксең — ұтылғаның.

И. СТАЛИН.

Халықтық демократия елдерінде

Қытайда еңбектің советтік әдістерінің қолданылуы

ПЕКИН, 16 август. (СОТА). Совет адамдары жұмыс істейтін әдіспен істеу, еңбектің советтік озат әдістерін ойдағандай енгізу — міне, Қытай жұмысшылары осы ұранмен еңбек етуде.

«Гунменьжибао» газетінің хабарына қарағанда, соңғы кезде солтүстік-шығыс Қытайдың машина жасау заводтарында совет токарі Колесов ұсынған металл өңдеудің әдісі кеңінен қолданылуда. Көптеген заводтарда бұл әдісті үйрену және меңгеру жөнінде арнаулы курстар ашылған. Харбиннің машина жасау зауытының жұмысшыларының 13 проценті Колесовтің әдісі бойынша жұмыс істейді. Осының арқасында еңбек өнімділігі 100 проценттен 700 процентке дейін артқан.

«Вэйцзинжибао» газеті совет жаңашылдарының әдісі Пекиннің кәсіпорындарында да кеңінен қолданылатындығы туралы хабарлайды.

Венгрияның озат кәсіпорындары

БУДАПЕШТ, 16 август. (СОТА). Венгрия Халық Республикасының Министрлер Советі мен Венгрия кәсіподақтар Советінің президиумы Министрлер Советі мен кәсіподақтар Советінің ауыспалы туын және наградаларды социалистік жарыстың озаттарына тапсыру жөнінде қаулы қабылдады.

Тау-кен, химия және энергетика өнеркәсібі кәсіпорындарының ішінде Орта-Задунай көмір тресі еңбек жарысында жеңіске не болып, Венгрия Халық Республикасы Министрлер Советі мен Венгрия кәсіподақтар Советінің ауыспалы туын алды. Трест бірінші жартыжылдықтың өндірістік жоспарын 101 процент орындап, еңбек өнімділігін арттыру жоспарын асыра орындады. Трест коллективіне түмен қатар, 300 мың форинг мөлшерінде сыйлық берілді.

Венгрия Министрлер Советі мен кәсіподақтар Советінің ауыспалы туы және сыйлығы құрылыс материалдары, жеңіл, құрылыс, тамақ өнеркәсібінің

Бункерлерден астықты автомобильмен немесе жұмыс аттары жегілетін жәшікті арбалармен қабылдау жөнінде «Луч Ленина» колхозының басқармасына талай рет талаптар қойды. Бүгін колхозда қажетті күш- мүмкіншіліктердің барлығы да бар. Амал не, колхоз басшылары агрегат мүшелерінің орындай талаптарына нәтижегі қарап отыр.

Біздің агрегатты Девяткин жолдас басқарған № 1 егіс бригадасы қамтыды. Бірақ, Девяткин жолдас комбайндардың күні- түні бірдей жұмыс істеуіне көмектеспейді. 13 август күні бункерлерден астық қабылдайтын адамдардың уақытылы жұмысқа келмей қалуы салдарынан агрегат екі сағат тоқтап тұрды. Егер осы кемшіліктер болмаған болса, онда біз тәулігіне 70 гектарға дейін егін жыйнап, мың центнердей астық бастырып болар едік.

Егіншілер арасында үгіт- бұқаралық жұмысын кеңінен өрістеті, әрбір механизаторлар мен колхозшыға күнделікті жұмыс қорытындысын және социалистік жарыста алған міндеттемесінің орындалу барысын күнбе- күн естіріп отыру — өте маңызды іс. Алайда, біздің агрегаттың мүшелері арасында үгіт- бұқаралық жұмыс өз дәрежесінде емес. Агрегат мүшелері егін жыйнау маусымы басталарда осы МТС-тің қамтуындағы Сталин атындағы колхозда жұмыс істеп жүрген Социалистік Еңбек Ері, комбайншы Шварц жолдастың агрегаттымен социалистік жарысқа түскенді. Көзіңгі кезде біз қай агрегаттың алда келе жатқандығын білмейміз.

Егін жыйнау жұмысына кірісерде колхоз басқармасымен бірлесе отырып, комбайн агрегаттының маршрут- жоспарын жасадық. Көзің осы маршрут- жоспары бойынша жұмыс істеп келеміз. Шөл тапшы ауыспалы өгістің № 3, 4 және 5 талаптарына 450 гектар егінді жый-

қытта жұмыс істеу күндізгіден де жауаптылықты талап етеді. Түнде үшеуіміз де тікелей агрегатта боламыз.

Комбайндар мен тракторға техникалық күтім таңертеңгі сағат 5-тен 7-ге дейін жүргізіліп, бұл жұмысқа агрегаттың барлық мүшелері қатыстырылады. Олар машиналардың бөлшектерінің жұмыс істеуін байқап, әрбір бөлшекті шаң- тозаптан тазартып, майлайды. Бұл кезде барлық машиналарға жанар және жағар май, су құйылады. Шыныжырларды майлау агрегаттың жұмыс істеп жүрген кезінде де жүргізіле береді.

Машиналарға техникалық күтім жасауда МТС-тің инженерлері мен механиктері комбайншыларға нақтылы көмек көрсетуге тиіс. Бірақ, мұндай көмек болмай келеді. МТС-тің көпшілі мастерскояларының әрбір комбайн агрегатында күнбе- күн болып тұруына мүмкіншілігі бар. Солай бола тұрса да, бізге МТС-тің көпшілі мастерскояы егін жыйнау маусымы басталғалы келген емес. Көпшілі мастерскояларда қосалқы бөлшектер жеткілікті болуы керек. Алайда, біздің мастерскояда кейбір қажетті бөлшектер мүлдем болмайды.

Үстіміздегі жылдың егінін қысқа мерзімде, ысырансыз жыйнап алу, сөйтіп, мемлекет алдындағы бірінші парыз — астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолындағы ақмодалықтардың шақыруына жауап ретінде, біз агрегаттың тәуліктегі жұмыс өнімділігін есептеп отыруға міндеттендік. Бұл міндетті

